



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2024 жылы QR-код арқылы жасалған төлемдер саны POS-терминалдар арқылы жасалған төлемдер санынан 26%-ға асып түсті

Астана қ.


2025 жыл, 14 наурыз

Тауарлар мен қызметтерге төленетін ақыны қабылдауға арналған инфрақұрылым едәуір кеңейді. POS-терминалдар желісі **31%-ға артты**, кәсіпкерлер мен сауда нүктелерінің саны сәйкесінше **12% және 21%-ға өсті**. Мәселен, 2025 жылғы 1 қаңтарда **886,6 мың** кәсіпкер **1,1 млн** сауда нүктесінде **1,4 млн** POS-терминал орналастырды.

Қазақстандықтар төлемдер жүргізу үшін мобильді қосымшаларды белсенді түрде пайдаланады. QR-код арқылы жасалған операциялар саны төлем карточкасын пайдалана отырып, POS-терминалдар арқылы жасалған операциялар санынан **26%-ға асып түсті**. Бұл жалпы алғанда қаржылық қызметтерді цифрландыру үрдісін көрсетеді.

2024 жылы тауарлар мен қызметтер үшін күн сайын орташа есеппен **2** қолма-қол ақшасыз транзакцияның біреуі **QR-код** арқылы жүргізілді. Мұндай транзакцияның орташа сомасы **14 мың теңге** болды.

QR-код және POS-терминалдар арқылы жасалған төлемдер саны (млн бірл.)



2024 жылы 1 (бір) белсенді төлем карточкасын¹ пайдалана отырып, орташа есеппен **4,2 млн теңге** сомасына **325 қолма-қол ақшасыз операция** жүргізілді.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz

¹ Есепті айда операцияларды жүргізу үшін бірнеше рет пайдаланылған төлем карточкалары.